

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ҚҰМАЛАҚ АШУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ СӘУЕГЕЙЛІК

Айtenов Багжан Куанышевич

aitenov.bagzan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті, археология және этнология кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Раздыков С.З.

Жалпы адамзаттық құндылықтар халық өмірінде ерекше орын алады. Ақиқат, адам, өмір, махаббат, тағдыр т.б. ұғымдар барша адамзатқа ортақ болғанымен, әр халық оларды өзінше өзекті етеді. Ежелгі заманнан бері әлемнің көптеген халықтары болашақтың құпиясын ашуға, тағдырдың бұрылыстарын болжауға және жақындап келе жатқан апаттарды болжауға тырысты. Бұл мәселеде сәуегейлік, болжам айтудың бай дәстүрімен көзге түсетін қазақтардың алатын орны ерекше.

Аңыздарға қарағанда, қазақ балгерлері табиғат белгілерін оқи алған, жаңбыр мен құрғақшылықты, егін мөлшері мен ашаршылықты болжауға қабілетті еді. Олардың даналығы мен қоршаған әлемді сезіну қабілеті жүздеген ұрпақты таң қалдырып келгені сөзсіз.

Көшпелілердің өз болжаушылары болды. Халық оларды сәуегей немесе балгер деп атаған. Мысалы, құмалақшы аты айтып тұрғандай қойдың құмалақтарында, жұлдызшы жұлдызға, тамыршы тамыр соғысына қарап болжаған.

Қазақ даласында болашақты болжаудың ең кең тараған түрі 41 домалақ тас – құмалақпен болжау болған. Кішкентай, алақанға сыйатын, пішіні қойдың құмалақтарына ұқсайтындықтан «құмалақ» деп аталды. Құмалақшы (сәуегей) үнемі өзімен бірге тас алып жүретін. Бұған дәлел ретінде атауында да осы сөз бар «Тоғыз құмалақ» (9 тас) халық ойынын еске түсіру орынды.

Ақын-жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлы «Әділ Мәрия» шығармасында «Тоғыз құмалақ» ойнағандарды сипаттай келе: «Төрдің алдында бір-екеу тоғыз құмалақ ойнап, енді бірі ақ сүйектен істеген бір уыс құмалақты қолына алып: Бір, екі, үш, төрт деп, екі- екіден санап тырсылдатып ордасына салып жіберді» [1, 283].

Бал ашу негізінен астрономиялық және астрологиялық болып екі үлкен топқа жіктеледі. Олар іштей түр-түрге бөлінеді. Мысалы: геомантия – жердегі өзгеріс әрекетті, қимыл-қозғалыстарды бақылайды әрі болжайды; хиромантия – алақан саусақ сызықтарына қарап, болашақты болжаса; арифмантия – нақты есепті ой болжамын жасайды.

Ел ішіндегі балшылық ашатын (жауырыншы, тамыршы, есепші, алақан-саусаққа қараушы т.б.) және болжайтындардың түрінің көптігіне қарамастан, халық көбінесе құмалақшыларға, оның қырық бір құмалағының болжамына ерекше сеніп, туралығына риза болады. Көнеден сақталып, бүгінге жетіп өз орнын тауып отырғанының бір себебі осы болар. «Қырық бір құмалақ – Данияр Пайғамбардан қалған мұра», – дейді Ш.Уәлиханов [2, 242].

Ежелден ата-бабаларымыздың дүниетаным, әлем, табиғат туралы өзіндік түсінігі болды. Тіршіліктің қалыптасу жүйесін үшке бөлді. Жаратылысты тігінен қарағанда «жоғары әлем» немесе «темірқазық», «ортаңғы әлем» – «адамзат» және «төменгі әлем» немесе «алтынқазық» болып бөлінеді деседі.

Енді зер салсақ, қырық бір құмалақты бір үш ретке бөліп, төрт мүшелеген соң тоғыз топтан құраған «құмалақ тізбегін» тізеді. Бұл тіршілік әлемнің «тоғыз қат көк» немесе «тоғыз өлшем бірлігіне» дәл келері анық. Бұл қырық бір құмалақтың модельдік сандық сипаттамасы болып есептеледі.

Құмалақ ашу қасиеті тұқым қуалап, тек ұрпақтарына қонады. Бұл жайлы қазіргі Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе ауылында тұрып жатқан құмалақшы-балгер Ахметова Светлана Болатқызы былай дейді: «Құмалақ ашуды үйреніп алуға болады, алайда қасиет тұқым қуалап қана беріледі». Құмалақшының өзіне құмалақ ашу қасиеті нағашы

апасынан дарыпты, ал әкесі жағынан Светлана Болатқызы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шөбересі болып келеді. Анасының қайтуы себеп болып, 40 жасында аян беріп құмалақ ашу жолына келген екен.

Светлана Болатқызы өз елінің абыройлы құмалақшысы. Ол кісіге адам табу, мал табу, жан табу үшін де адамдар жүгінеді. Құмалақшының көмегіне халық көбінесе мал табу үшін жүгінсе, адам тапқан кездері де аз емес. «Адам табу ең күрделі тапсырмалардың бірі» - дейді балгер [3]. Сұхбат барысында Светлана Болатқызы адам тапқан кездері жайлы толық баяндап берді.

«2019 жылы қаңтарда жас келіншек баласын алып үйден шығып, жоғалып кетеді. 1 апта жүргізілген іздеулер нәтижесіз болған соң, келіншектің енесі құмалақшының көмегіне жүгінеді. Құмалақ ашып беріп, балгер былай дейді: «Келініңіз бен немереніздің тек сүйегін табасыздар. Жолдың бойында үлкен ағаш көріп тұрмын». Шынында да, бірнеше күннен соң, Семей-Павлодар тас жолы бойында, үлкен ағаштың астында екі адамның мәйіті табылады» [3].

Мал тапқан кездері жайлы да құмалақшы біраз баяндап берді. Мұндай кезде Светлана Болатқызы басқа әдіс қолданады екен. Құмалақтарды ашып отырып, мына өлең шумақтарын үздіксіз айтып отыру керек:

«41 құмалақ сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді.
Сенімін менде болмаса,
Малынды тауып бермейді» [3].

Құмалақшы адамды немесе малынды тауып берген жағдайда, қолақысын қанағаттанарлықтай беру керек. Өйткені, табылған жан үшін ақысы төленбесе, оның қайтадан жоғалып кетуі мүмкін деп сенген.

Құмалақ ашу тек қазақтарда ғана емес, көптеген басқа да халықтарға таныс. Тіпті 41 саны кейбір халықтарда киелі саналатының атап өткен жөн. 41 құмалақпен бал ашу Орта Азия мен Кавказ, Үнді мен Иран, Тибет пен Корея, Жапония мен Америкада болғандығын әлем тарихы растайды.

Мысалы, адыг (черкес) халықтары үшін дәстүрлі болып саналатын бұл – бұршақта жасалатын сәуегейлік. Джэнчидзы – адыгтардың бұршақта жасалатын сәуегейлік аты. М-К.З.Азаматова мен Н.Чуякованың еңбектерінде біз дженчидзы бұршақтарындағы сәуегейлік пен қазақ халқындағы құмалақ ашудың ұқсастықтарын көре аламыз. Алайда бір ерекшелік атап өтсек, М-К.З.Азаматова мен Н.Чуякованың деректері бойынша 37 дән-бұршақ пайдаланылған. Басқа адыг ғалымдарының дала материалдарына сүйенсек 41 астық алынған. Ал негізгі сәуегейлікті адыг көріпкелі қазақ құмалақшысы сияқты ашқан [4, 176].

Адыг халықтарынан бөлек қазақ балгерлігіне ең ұқсас болып келетін осындай сәуегейлікті тувалықтарда байқай аламыз. Тувалық шамандар оны – хуваанак деп атайды. Хуваанак ата-бабаларынан мұрагерлікпен ұрпағына жеткен 41 тастың көмегімен жүзеге асырылады немесе оны Туваның 41 қасиетті жерінде сәуегейдің өзі жинаған [5, 155-164].

41 тастағы сәуегейлік дәстүрі кавказдық қарашай-балқар түріктерінде де сақталған. Олар оны таş salgan немесе таş saluv деп атайды. Карачаево балқар тілінде «тас» (таş) сөзі сәуегейлік дегенді білдіреді, ал «сәттілік іздеу» таş salgan деп аталады.

Сәуегейліктің ұқсас түрі моңғол мәдениетінде де бар. Моңғолияның батыс бөлігінде ол «ховолго» деп аталады. Бұл сөздің мағынасы «41 тастағы сәуегейлік». Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық аймағындағы моңғолдар оны «билиг» деп атайды, бұл «сәуегейлік құралы» дегенді білдіреді. Ол жақта да 41 тас, бұршақ немесе кептірілген қой құмалақтарын қолданылады.

Осындай сәуегейлікті Босния мен Герцеговинада да кездестіруге болады, онда ол *basanje graha* немесе *falanje u grah* деп аталады. *basanje* – «лақтыру», *grah* – «бұршақ», *basanje graha* – «бұршақ лақтыру». *Falanje* – парсы тілінен *fal* – «болжау». Осы жерден *falanje u grah* – «бұршақтардағы сәуегейлік». Атауынан көрініп тұрғандай, сәуегейлік үшін негізінен тастар немесе қой құмалақтары емес, бұршақтар қолданылады.

Әдеби дереккөздерде сипатталған құмалақ ашуға ұқсас сәуегейліктің ең ерекше түрі – Иранның «Фатима» сәуегейлігі. Сәуегейліктің бұл түрі 53 бұршақты қолдануды талап етеді. Оның әдебиеттегі сипаттамасы тек бірнеше сөйлемде көрсетілгендіктен, қазіргі уақытта оның қазақ мәдениетіндегі құмалақ ашумен салыстырмалы анализ жасау қиын.

Жоғарыда атап өткендей, құмалақ ашу қазақ халқында ең кең таралған сәуегейліктердің бірі. Адам жоғалғанда болсын, мал жоғалғанда болсын, тіпті жан жоғалғанда болсын халық құмалақшының көмегіне жүгінген. Және зерттеу нәтижелері бойынша бұл сәуегейлік тек қазақ халқында ғана орын алды деп айта алмаймыз. Бұл да өз кезегінде ауқымды тақырып болған соң, әртүрлі мемлекеттердегі құмалақ, тас немесе бұршақ арқылы ашылған сәуегейлікке салыстырмалы талдау, құмалақ ашу жолында жүрген балгермен жеке сұхбат және видео талдау жасалды. Құмалақ ашу немесе құмалақшының көмегіне жүгіну қазақ халқында күні бүгін өзектілігін жоғалтқан емес.

Қорытындылай келе, бұл тақырып негізінен этнографиялық тұрғыдан толық зерттелген жоқ. Әдеби дереккөздерде қазақ халқының бұл дәстүрлі сәуегейлігі жөнінде мәліметтер тек қысқаша сипаттамасын қамтиды. Осы жерден туындаған мәселе – шет елдердегі бай этнографиялық мұралармен қатар, соңғы онжылдықтағы жас ғалымдардың зерттеулерімен салыстырмалы талдау арқылы қазақ мәдениетіндегі олқылықтарды толықтыру. Бұл мақаланың мақсаты да осы зерттеулерімізді тоқтатпай ары-қарай жалғастырып, болашақта қазақ этнографиясының дамуы мен шарықтауына аз да болсын үлес қосу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармаларының үш томдық жинағы: дастандар, роман, аудармалар, мәнді сөздер, хандар шежіресі, мұсылмандық шарты. 2-том: Өкінішті ғұмыр / Ш. Құдайбердіұлы. – Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2008. 423 б.
2. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собр. соч. в 5-ти томах. – Алма-Ата, 1971. Т. 1. 486 с.
3. Құмалақшы Ахметова Светлана Болатқызымен жеке әңгімеден. Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе ауылы, 2023 ж.
4. Средневековый Восток: проблемы историографии и источниковедения: сборник статей памяти Героя Советского Союза, академика З. М. Буниятова / ответственный редактор Ш. М. Мустафаев; Национальная академия наук Азербайджана, Институт востоковедения им. акад. З.М. Буниятова. – Баку: Элм, 2015. 380 с.
5. Цзясына Д. Хуваанак – традиционное гадание тувинских шаманов // Вестник Томского государственного университета. История, 2022, № 77. С. 155 – 164.

УДК 297.1

ЭВОЛЮЦИЯ ИДЕИ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ

Балыков Б.А.

магистр, ст. преподаватель ЗКУ им.М.Утемисова

Уральск, Казахстан.

E-mail: beket-b@yandex.ru

В современных условиях научно-технический прогресс, экологические факторы, стресс, климато-географические особенности, социально-экономические и политические преобразования являются факторами существенно влияющими на психо-эмоциональное состояние человека, физическую и умственную работоспособность. В этой связи здоровье и установка на здоровый образ жизни становится главным жизненным приоритетом и провозглашаются как норма в жизни общества. На данный момент перед обществом, стоит главная задача - это воспитание здоровых, гармонично развитых людей, обладающих высокой умственной и физической работоспособностью.